



# ОЗЕН

№10 (44) ҚАЗАН, 2019 Ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚТАР ЧЕМПИОНҒА ТЕМІР ТҰЛПАР СЫЙЛАДЫ



**«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Ресей шаршы алаңының шаңын шығарып, бокстан алтын медаль алып келген чемпион Бекзат Нұрдәулетовке «Тойота Камри 70» маркалы темір тұлпарды салтанатты түрде табыстады.**

Салтанатты шараға қала әкімі Мақсат Ибағаров, бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бәшенов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

«Жеңіс туын биікте желбіретіп, қас-қабағымен қарсыласын жасытатындай Бекзат сияқты өжет, қайсар ұлдарымыз көп болсын!» – деді Айтқали Бәшенов.

Өзенмұнайгаздықтар ел мәртебесін көтеріп, абыройын асқақтатқан Бекзат бауырымыздың 2020-жылы Токиода өтетін Олимпиадаға жолдама алып, топ жаруына тілектістік білдіреді. Иә, аруақ, Бекзатыңды деме!



Фото Данияр МАЙЛЫБАЕВ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы компанияның 55 жылдық мерейтойы аясында мұнайшылардың 470 қамкөңіл балаларына көрпе және бала ағзасына қажет дәрумендерге бай жеміс-жидек салынған кәрзеңкелер үлестірді. Бұның ішіндегі 10 жасқа толмаған 184 балаға қосымша ойыншықтар берілді.

## БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА!



«Бұл дүнианың бар бақыты 12 мүшенің саулығында ғой. Біздің компания мүмкіндігі шектеулі балаларға сыйлық беріп, көңіл аулап, қуаныш сыйлап жатыр. Көңілдегі жадаулықты жанға медет жылы сөз, жылы мейірім айықтырады емес пе?! Олардың жанашырлыққа зәру екендігін біз жақсы түсінеміз. Баланың көйлегі тозса да, көңлі тозбауы абзал!» - деді әлеуметтік бөлім басшысы Амандық Әбиев.

*Өкінбе, өкпелеме бүгініңе,  
Өмір, өмір!  
Болмайды түңілуге.  
Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,  
Қайта тұрып, қақың бар  
жүгіруге.*

(М.МАҚАТАЕВ)

### «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік қызметінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

**Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.**

**Қауіпсіздік қызметінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54**

**Электронды поштасы: [doverye@umg.kmger.kz](mailto:doverye@umg.kmger.kz)**



ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДАҒЫ  
МҰНАЙ ӨНДІРУ  
ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ  
КӨРСЕТКІШІ **104,05%**



# БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – МҰНАЙШЫ ӨМІРІ

2019-жылғы 16-қазанда Жаңаөзен қаласындағы «Мұнайшы» мәдениет сарайында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры Винсент Спинеллидің басшылығымен қауіпті аймақ болып саналатын өндірісте еңбек қауіпсіздігін сақтау мақсатында темірдей тәртіп орнату арқылы жазатайым оқиғаларды болдырмау жолдары талқыланған көшпелі кеңес өтті. Аталған кеңес «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Си Бу» инженерлік бұрғылау компаниясы, «КезБИ», «М-Техсервис», «ҚазТехМұнайСервис», «ҚМГ-Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге арналды.

Маңызды шараға «Қазмұнайгаз» АҚ ҰК Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тең басқарушы директоры Қ.Сақтағанов, ҚМГ Еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды корпоративтік басқару департаментінің сарапшысы А.Аренов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Н.Әбдірахманов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары Ө.Тұрсабеков, ӨМГ басқарма директорлары, цех басшылары, мұнай сервистік компаниялар қатысты.

Спикерлер өз саласы бойыншабаяндама жасап, жиналысқа қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, пікір алысты.

Көшпелі кеңестің мақсаты – компанияның №1 құндылығы болып саналатын кез келген қызметкердің тиімді еңбек етуі үшін қажетті жағдай жасау



Винсент Спинелли

арқылы еңбек қауіпсіздігімен қамтамасыз ету. Кәсіби сырқат пен өндірістік жарақатты болдырмау, апатты оқиғалардың алдын алу болып табылады.

«Компания үшін басты құндылық – мұнайшы өмірі, оның амандығы. Таңертең ел игілігі үшін жұмысқа кеткен мұнайшы көш-ке қарай отбасына оралуы керек. Мен Маңғыстауға осымен 20-рет келіп тұрмын. Еңбек қауіпсіздігіне салғырт қарайтын компания ешқашан үздіктер қатарына ене алмайды. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы 2019-жылды «Еңбекті қорғау» жылы деп жариялап, біршама жақсы іс-шараларды жүзеге асырып жатыр. Соңғы бесжылдықта Өзен кенорнында еңбек қауіпсіздігін сақтамау салдарынан орын алып отырған жазатайым оқиғалар саны едәуір азайды. «Сақтансаң, сақтармын» деген, әркім бір-ақ рет ғана берілетін өміріне аса жауапкершілікпен қарағаны абзал», – деді Винсент Спинелли.



**№1 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының механигі Толыбек Пәшиевтің ұлы Марлен Әділ Алматы қаласында дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында өткен әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. 65 мемлекет қатысқан дүбірлі додада 60 келіге дейінгі салмақта күрескен Мәрлен Өзбекстан, Марокко, Грузин мемлекеттерінің спортшыларын таза жеңіспен жеңіп, әзірбайжандық Камран Сүлеймановтан вазари әдісімен жеңіліп, есе жіберіп алды. Жүлделі III орынға Батыс Қазақстан облысының палуаны Нұрсұлтан Зайзағалиевпен таласып, қола жүлдегер атанды.**

## МҰНАЙШЫНЫҢ БАЛАСЫ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Жас спортшы бұған дейін Қазақстан чемпионатының қола, күміс жүлдегері, халықаралық турнирлердің жеңімпазы, Еуропа-Азия кубогінің қола, күміс жүлдегері, тіпті жеңімпазы атанған болатын.

«Дзюдо күресінен пәленбай мықтының ішінен топ жару оңай емес. Қола жүлдегер атану-үлкен жетістік деп есептеймін. Өте қуаныштымын. 17 жасар спортшының алар асулары, бағындырар биіктері алда деп ойлаймын. Мәрлен болашақта чемпион атанып, еліміздің әнұранын шырқатады деп сенемін» – деді жас палуанның бапкері Сапар Боранбай.

Әлем чемпионатының қола жүлдегеріне халықаралық федерация медаль және 500 доллар қаражат тапсырды. Маңғыстау федерациясы тұлпар мінгізіп, бапкеріне 300 мың теңгелік сертификат тапсырды. Наурыз Сақтағанов басшылық ететін «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымы қаржылай демеушілік көрсетті.

Еліміздің мерейін көтеріп, абыройын асқақтатып жүрген Мәрлен бауырымызға Алланың нұры жаусын. Құрыш білекті, алып жүректі, қайсар да қайратты Мәрлен сияқты жігіттеріміз көп болсын!

## ТАТАРСТАННАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛҒАНДАР

Ресей еліндегі «Татнефть» мұнай компаниясындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қарасты еншілес компаниялар арасында өткен «Үздік маман – 2019» кәсіби-шеберлік байқауына «ЦА-320 арнайы техника машинисі» мамандығы бойынша қатысып, жүлделі 2-орынды иеленген жеңімпаздар ой бөліседі.

### Қуаныш МАХАНБЕТОВ:

– Сайыс өте тартысты өтті. Бұл – өз ісінің шебері, нағыз мамандарды іріктейтін сайыс. Кез келген маман өз еңбегінің еленгенін қалайды.

Сайысқа қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазгерМұнай» БК» ЖШС, «Арғымақтранс-сервис» ЖШС сияқты компанияларда еңбек ететін әріптестерім де барын салды. Бірінші күні теориялық тест тапсырдық. Екінші күні практикалық сайыс болды. Біз құбырды жалғап және оны қаптаудан өзара жарыстық.

Екінші орын алдым деп еңсемді түсірген жоқпын. Жақсы көрсеткіш деп есептеймін.



### Мұрат СӘРСЕНБАЕВ:

– Аталған шара Татарстанда Мұнайшылар күні және Қала күніне тұспа-тұс келді. «Татнефть» компаниясының атқарушы директоры Найль Маганов та үлкен жиыннан төбе көрсетті. Машинист және моторист бір топта жабық түрде бақ сынастық. Командалар бір-бірінің кемшілігін көре алмады.

Шараның жабылу салтанатынан кейін қаланың көрікті жерлері мен мәдени нысандарын аралатты. Мұнай музейіне алып барды. Екінші орын алдық. Үздіктердің арасынан топ жарып, жүлделі 2-орын иеленуді үлкен мәртебе деп санаймын.

Ауылға оралған соң, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев әрқайсымызды марапаттап, шексіз алғысын білдірді. Көңіліміз көтеріліп қалды.





Оқушылар шығармашылық үйінің концерт залында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар күні және «Өзенмұнайгаз» жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының 55 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік кеш шымылдығын «Шұғыла» би ансамблі «Шашу» биімен ашты.

Шараға қала әкімі Мақсат Ибағаров, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының адами ресурстарды дамыту жөніндегі орынбасары Бауыржан Мамбетсапаев, «Өзенмұнайгаз» жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, мерекемен құттықтады.

Бауыржан Мамбетсапаев бас директорының Құт-

# КӘСІПОДАҚ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ



тықтау хатын Наурыз Сақтағановқа тапсырды. Өз кезегінде Наурыз Сақтағанов бір топ азаматтарға ҚР Кәсіподақтар федерациясының Алғыс хатын, Мұнай саласы кәсіподақ ұйымының медалін және облыстық кәсіподақтар федерациясы Грамотасын тапсырды. №1,2,3,4 МГӨБ кәсіподақ төрағалары Ибрагим Сатыбаев, Бекқали Уақбаев, Валерий Қаржаубаев, Ибайдулла Әмеловтер Төс белгімен марапатталды.

Жұмыс беруші мен қарапайым жұмысшы арасында «алтын көпір» бола жүріп, компаниядағы мұнайшылардың әлеуметтік мәселелерінің шешілу жолында ұшан-теңіз еңбек сіңіріп, шелектеп тер төккен кәсіподаққа қандай құрмет көрсетілсе де артық болмайды.



Мерекеде мәдениет саласының үздігі Асқар Көшеров, Жанар Нұрмұханова, «Керуен» тобы, Нұрлыбек пен Нұрхат, «Өзенмұнайгаз» құрамасы жайдарманшылары өнер көрсетті.

**P.S. Ұлтым десе, жалаңаш қолымен от көсейтін қазақ жігіттері аман болсын!**



## ҮЗДІК МАМАН АТАНУ – МӘРТЕБЕ



**Қыркүйек айында Татарстанда өткен «Үздік маман» кәсіби-шеберлік байқауында жүлделі үшінші орынға ие болған Бұрғылау жұмыстары басқармасындағы скважиналарды жерасты жөндеу бригадасы операторы Зұлқарнай Мұрзабеков – өз ісінің нағыз маманы.**

Бригада аталған байқауға 2006-жылдан бері қатысып, үнемі 1-орынды жеңіп алып жүрген жайы бар. Бригадада Зұлқарнайдан басқа Мақсат Айдарханов, Нұрлыбек Наукебаев, Жәнібек Наурызбаевтар жемісті еңбек етіп жүр.

20 жылдан астам уақыт мұнай саласында жұмыс істеп жүрген мұнайшы жігіт тынымсыз еңбек пен ізденіс қана алға қойылған мақсатқа жетуге негіз болатынын айтады.

Татарстан туралы жылы лебіз білдірген үздік маман «Қаланы аралап, көне мұражайларын, мұнай өңдейтін зауытының жұмысымен таныстық. Әріптестерімізден үйренетін көп нәрсені ойға түйіп қайттық» – дейді.

Жан жары Гүлназбен бірнеше бала тәрбиелеп отырған Зұлқарнай еліміздің жарқын болашағына кәміл сенеді.



## ӨНДІРІС САРБАЗДАРЫ

**№1 МГӨБ, №2 МГӨК қарасты №91 Топтық қондырғыда тапжылмастан 41 жыл еңбек етіп келе жатқан Балым Әмірованың өмірі өз алдына бір хикая.**

«Алғаш өндіріске келгенде 18-дегі жап-жас бойжеткен едім» – деп еске алады алыста қалған сағым жылдарын Балым. Әріптестері Мирас Оңғаров, Ақылбек Ауғанбаев, Жанерке Егдербалармен түсінісіп жұмыс жасап жүрген Балым өз тағдырына дән риза.

Компаниядағы әлеуметтік жағдайдың уақыт өткен сайын жақсарып келе жатқанын құлақ естіп, көз көрді. Топтық қондырғыға 6 жыл бұрын заманауи үлгідегі тұрмыстық-шаруашылық кешен салынып, пайдалануға берілді.

Отағасы Амантұрлы Шарауов «Кенқұрылыссервис» ЖШС слесарь болып жұмыс істейді. Берекелі отбасында балдай тәтті Бекзат, Айназ, Қолғанат, Ерболат, Сүндет, Сұңғат

атты немерелер мен жиендер өсіп келеді.

Осы топтық қондырғының аға операторы Әділби Мырзабеков 1994-жылдан бері мұнай саласының дамуы жолында жемісті еңбек етіп келе жатқан еңбекқор жанның бірі.

«Жұмысымыз өте қарбалас. Осы топтық қондырғыға қарасты 42 скважинаның жай-күйін қадағалап, мұнай өнімінің түсіп кетпеуін бақылап отырамыз. Жұмыс аса жауапкершілікті қажет етеді. Кей кездері адам күшінің жетіспеушілігі байқалып, қиналып қалып жатамыз» – дейді аға оператор.

Өмірден өз орындарын тауып, бүкіл саналы ғұмырын мұнай саласының дамуына арнап жүрген қос мұнайшыға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.



Балым Әмірова,  
Әділби Мырзабеков



Нұрлан Қанатов

## ЕҢБЕК – БЕРЕКЕЛІ ҒҰМЫР КЕПІЛІ

**№1 МГӨБ қарасты №5 шоғырланған сораптар станциясының шебері Нұрлан Қанатовтың мұнай саласында өнімді еңбек етіп келе жатқанына 28 жыл болыпты.**

Еңбек жолын 1992-жылы қарапайым оператор болып бастаған Нұрлан өзінің білімі мен біліктілігінің арқасында шебер лауазымына көтерілді. Жұмысты

ұйымдастыру, 8 машинист, 1 жөндеуші, 2 оператор жұмыс жасайтын ұжыммен тіл табысу оңай шаруа емес екендігі айтпаса да түсінікті.

«Қызмет бір жағынан абырой, бір жағынан жауапкершілік. Ең бастысы, адам міндетін адал атқару керек» – дейді шебер.

Жетістікке өз еңбегімен жеткен Нұрлан «уайымсыз, қайғысыз, берекелі ғұмыр кешіп жатқанымыз-осы еңбектің арқасы» – дейді күлімісіреп.

## МАШИНИСТ ҚЫЗ МҰНАРА

**№1 МГӨБ қарасты №5 ШСС машинисті Мұнара Тасмағамбетова алғашқы еңбек жолын 1992-жылы бастады.**

«Еңбек ұжымым өзімнің екінші отбасыма айналды. Мұнай жоспарының орындалуына қасымдағы әріптестерімнің әрқайсысының үлесі бар. Олар: аға оператор Роман Жұматов, оператор Нұрлыбек Әзілмұханбетов, Баймағанбет Ерқасов, машинистер Жұпар Шапағатова, Толқын Айсаява, Жанар Аманова, Айгүл Байжиенова, Айнагүл Есқалиева, Әлия Исмағұловалар. Біздер жерасты қабатына ілеспе су айдаймыз. Мұнайдан бөлінген су жер қабатына айдалады. Біз екі сағат сайын сораптың қанша мөлшерде су айдағанын, қысымын қарап, үйлестірушіге ақпарат беріп отырамыз. Территорияның тазалығы, сорап өшіп қалған жағдайда оны қосу, істен шыққан жағдайда тиісті орынға хабарлау тікелей біздің міндетімізге жатады» – дейді Мұнара.



Мұнара  
Тасмағамбетова

Мұнара білік пен білімді сынайтын, тәжірибе бөлісетін, шеберлікті шыңдайтын сайыс «Үздік маманға» қатысып, жүлделі 1-орынды жеңіп алыпты. Үздік маман бос уақытында кеспектерге гүл өсірумен

айналысады. Жұмыстағы жайқалып өсіп тұрған гүлдер Мұнараның еңбегі.

Өмірлік жары Ержан Ашықов екеуі тәрбиелі балалар өсіріп, олардың қызығын көріп отырған Мұнара қолда барына қанағат етіп, өз өміріне ризашылығын білдіріп отырған бақытты адам.

## ӨНДІРІСТЕ ӨТКЕН 40 ЖЫЛ



Ниязбек Қарақұлов

**Ниязбек Қарақұлов мұнай саласында 1979-жылдан бері еселі еңбек етіп, тер төгіп келе жатыр. Бүгінде мұнайшы №1 МГӨБ, №1 ҚҚСЦ қарасты су ысыту қондырғысында абыройлы жұмыс атқарып жүр.**

«Сыйымдылығы 200 шаршы метрді құрайтын қазандықтағы су температурасы 89 градустан кем болмауы керек. Күніне 20-ға жуық машина келіп, ыстық суды алып кетеді. Жүргізушілер ыстық суды скважина түбіне айдап, мұнай өнімінің артуына үлес қосады. Бір өкініштісі, бізге әлі заман талабына сай ғимарат салынбады. Өзгелерге қызығып жүріп жатырмыз. Басшылар уәде беріп отыр» – деді мұнайшы.

Ел ертеңі мен баянды болашақ үшін қызмет етіп жүрген Ниязбек Қарақұлов сияқты ел азаматтары аман болсын!





**«Өзенмұнайгаз» АҚ қауіпсіздік қызметі мамандары 24-қыркүйек күні шамамен сағат 13.00-де kz932AN12 мемлекеттік нөмірі бар «КрАЗ ППУ» маркалы автокөліктің өндірістік аймақтан тыс бағытқа бет алып, «КезБИ» ЖШС ғимаратына қарама-қарсы орналасқан жекеменшік базаға кіріп, арнайы жасақталған сорап арқылы базадағы ыдыстарға автокөліктен 50 литр жанар-жағар май (дизель) құйып жатқанын анықтады.**

27-қыркүйек күні шамамен сағат 12.30-да mP645BO нөмірлі мемлекеттік белгісі бар «КАМАЗ АНР» маркалы автокөлік иесінің өндірістік аймақта орналасқан жекеменшік жанар-жағар май қабылдау базасына кіріп, автокөлік бағынан 150 литр дизель отынының әрбір литрін 80 теңгеден сатқаны белгілі болды.

28-қыркүйек күні шамамен сағат 12.00-де №5 СҚКБ қасындағы тас жолды бақылау кезінде, kz949AN12

## ТҮЙЕНІ ЖАРДАН ДОМАЛАТҚАН БІР УЫС ШӨП ЕКЕНІН ҰМЫТПАЙЫҚ!



санды мемлекеттік белгісі бар «КАМАЗ ППУ» маркалы автокөлік өндірістік аймақтан тыс бағытқа бет алып, «КезБИ» ЖШС

ғимаратына қарама-қарсы орналасқан жекеменшік базаға кіріп, арнайы жасақталған сорап арқылы сыйымдылығы 1 тонна ыдысқа автокөліктен 200 литр жанар-жағар май (дизель) құйып бергені мәлім болды.

Дәл осы күні, яғни 28-қыркүйектің кешкі шамамен сағат 18.00-де kz826AN12 мемлекеттік белгісі бар «КАМАЗ ППУ» маркалы автокөлік өндірістік аймақта орналасқан «КАН» ЖШС ауласына кіріп, автокөліктен пластикалық ыдыстарға құйылған шамамен 900 литр дизель отынын түсіргені анықталып, пластикалық ыдыстар №2 СҚКБ гаражына әкелініп, күзетшілерге тапсырылды.

Айналдырған 5 күннің ішінде анықталған 4 ұрлық көлігі де №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасына тиісті болып шықты. Бұл нені көрсетеді. Бұл Сіз бен Біздің қанағатсыздығымызды көрсетеді. «Алып алтау болғанды, жеп жетеу болғанды көргеніміз жоқ, барына, бергеніне қанағат» – деген бұрынғылардың сөзін естен шығардық. «Мешкей деген жақсы ат емес!» – дейді қазақ. Түйені жардан домалатқан бір уыс шөп екенін ұмытпайық!



ОЙ ТҮРТКІ

ҚЫЗҒАНЫШ ДЕГЕН  
ҚЫЗЫЛ ИТ...

**Бүгінде әлеуметтік желіні ашып қалсаң ішкенімен, жегенімен мақтанатын адамдарға сүрініп жығыласың. Мақтаншақтардың саны уақыт өткен сайын өсіп барады. Мақтанудың жаман қылық екендігін ұмытып кеттік. Еңбектеген бала мен еңкейген шалдың бәрінің қолында бір-бір ұялы телефон. Кішкентай ғана қалта телефонының ішіне бүкіл ғалам сыйып кеткен. Біреу өзінің алған машинасын көрсетіп мәз, екіншісі өзінің шетелде пілге мініп түскен фотосын салып әуре. Енді бірі жегелі отырған таңғы асын салып жіберсе, бірі тойға кигелі жатқан көйлегін көрсетіп жатыр. Қойшы әйтеуір, әлеуметтік желі қызылды-жасылды жәрмеңкеге айналып кеткендей әсер қалдырады.**

«Адам ішкен-жегенімен мақтанса, ол адамның құны сол тағамнан шығатын нәрсеге тең» – деп жазған екен имам Ғазали (р.ғ.). Ащы шындық.

Бүгінде халық ғаламтор арқылы белгілі сықақ театры директорының келіншегінің дүкенге бір кіргенде 4,5 млн. теңгеге киініп шыққанын біліп отыр. Белгілі әншінің анасы қолына құны 20 мың доллардың о

жақ бұ жағындағы гауһар сағат тағып алғандығын көріп отыр.

Әрине, әркімнің өз ақшасы. Байдың асын қызғанып байғұс болатын жайымыз жоқ. Қаншаға киінемін десе де өзі біледі. Ешкім Сіз бен Бізден сұрап, ақылдаспайды. Әйтсе де, қит еткенге мақтанып жәміле жалғанға жария ету-мәдениетсіздік деп есептеймін.

Пенде шіркін бірін-бірі қызғанбай тұра алмайды. Өзінде жоққа қызығып, қызғанатындар жетіп артылады. Бай-бағланның ішіп-жегені, кигені, мінгені – айлығы шайлығына жетпей отырған отбасыларды көреалмаушылыққа апарады. Көреалмаушылықтың соңы жауласуға апарады. Көреалмаушылық адамды қастандыққа апарады. Қызғаныш-жүйке ауруына шалдықтырады. Қызғаншақ адам үнемі жаман оймен жүреді. Қызғаншақ пенде сүйкімсіз көрінеді. Қызғаншақ пендеге өзгенің жетістігі маңдай тер, еңбекпен емес, оп-оңай келген олжа сияқты көрінеді. «Күншілдің күні қараң» – деп қазақ бекер айтпаған! Қызғаныш – денсаулығыңды құртады.

Қызғаныш деген аурудан құтылу үшін өмірде жақсылыққа ұмтылып, тіршіліктің жарқын жағына көбірек мән беру керек. Қазіргі заманда дүниежүзілік халықтары арасында ақыл-ой, ғылым-білім, билік-бәдел таласы жүріп жатыр. Малға емес, миға талас басталды. Осыны ескере отырып, адам өзін кәсіби және рухани тұрғыда әрдайым жетілдіріп отырса, басқаларды қызғануға уақыты болмайды.

Сарша СҮГІРӘЛІ,  
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

**ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКІҢ КЕЛСЕ-ЖАС БУЫНҒА АҚША АЯМА! ЖАС ӨСЕДІ, ОЛАРДЫҢ САНАСЫНА СЕПКЕН ТҰҚЫМЫҢ ГҮЛДЕНГЕН КЕЗДЕ ӘЛЕМ ӨЗГЕРЕДІ.**

## ӨРТ – ТАКТИКАЛЫҚ САБАҚ ЖАТТЫҒУ



**«Өзенэнергомұнай» басқармасының №1 Өндірістік энергетикалық қызметінде, бекітілген кестеге сәйкес «6 кВ электроқондырғысынан өрттің шығуы» тақырыбында өрт-тактикалық сабақ жаттығу өткізілді.**

№1 өндірістік энергетикалық қызметінің I дәрежелі реттеушісі кезекші электромонтердан өрт шықты деген ақпаратты алысымен шұғыл әрекет етуге кіріседі.


№1 өндірістік энергетикалық қызметінің өртке қарсы құрамның мүшелері, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өртті өшіре бастады.

Оқиға орнына «Semser Ort-Sondryushi» командасы келіп, отты толықтай өшірді.

Жаттығу алдында «Semser Ort-Sondryushi» инспекторы Д.Жылқыбай барлық қатысушыларға өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізіп, білімдерін пысықтай түсті.

Жаттығуға «Semser Ort-Sondryushi» жасағынан 5 адам, бір техника, Өзенэнергомұнай басқармасынан Құдайберді Ермагамбетов, Ақмарал Өзірханова, Жаныл Ерленова, Гүлден Алтыбаева, Рахим Жолдыбаев, Наурызбек Шәукенов, Бақытжан Исаев, Нұрбол Қожағалиев, Нұрлан Иманбаев белсенді қатысты. 20 минутта өрт толық сөндіріліп, электроқондырғы қалпына келтірілді.

Ардақ БАЛЫМБЕТОВ,  
ӨЭМБ, ЕҚЖҚТ инженері





# КАДР САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

**Ақтау қаласындағы «Holiday Inn Aktau» қонақ үйінде «Өзенмұнайгаз» АҚ кадр қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтті. Мерекелік шара еркін форматта ұйымдастырылды. Түске дейін «Компаниядағы кадрлық ықпал және оның маңыздылығы» корпоративтік HR-форум өткізіліп, күннің екінші жартысы семинар-тренингпен жалғасты.**

«Жанжалды және эмоцияны басқару» тақырыбындағы тренингті кәсіби бизнес тренер Бақыт Жұмақаева жүргізді. Еркін форматтағы кездесуге қатысқан қызметкерлер 4 командаға бөлініп, үйден орындап келген тапсырмаларын айтты. Қызықты да тартысты шоу, арнайы ойындар, тосын сыйлар, кәдесыйлар, бейне сюжеттер тізбектеліп өтіп жатты. Бас директордың адами ресурстарды басқару жөніндегі орынбасары Бауыржан Мамбетсапаев бас директор Есен Өтеевтің атынан барлық кадр қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, әріптестерін галстуксыз жиынды жоғары деңгейде өткізуге шақырды.

– «Өзенмұнайгазда» 10 мыңға жуық қызметкер бар. Бұл дегеніміз 10 мың отбасы, 10 мың тағдыр, 10 мың жүрек, 20 мың бүйрек, 40 мың аяқ-қолға деген жауапкершілік. Ауыр жауапкершілікті арқалап, персоналды басқарып жүрген сіздердің жұмыстарыңыз оңай емес. Сол үшін бір-біріміздің ерен еңбегімізге қалай қол соқсақ та жарасады! – деді арнайы Шымкент қаласынан шақырылған модератор Алмаз Аманбеков.



Шара барысында Персоналды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директор Ермек Көптілеев те құттықтау сөз сөйлеп, әріптестерін мерекемен құттықтап өтті.

– Тренинг тақырыбы да, тренер де дұрыс тандалған. Біз өзімізге қажет мағлұматтар алдық. Тренингтен түйген ойымызды жұмыс барысында пайдалануға тырысамыз. Пайдалы шараны ұйымдастырушыларға алғысым шексіз – деді №4 мұнай-газ өндіру басқармасының персоналды басқару бөлімінің бастығы Шынар Сәдіғұлова.

Кешкі қонақасына қатысқан бас директор Есен Өтеев кадр саласының сарбаздарын кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Маңызды салада табысты еңбек етіп жүрген Майра Бажинова, Маусымжан Сандыбаева, Кенжегүл Оспанова, Айнұр Есімова, Үзіл Өзденбаева, Жұмагүл Тегісбаева, Мәрзия Бисембаева, Гүлсім Әлиеваларға бас директордың Құрмет грамотасы тапсырылды.



## ӨЗЕННІҢ ПАТРИОТ АЗАМАТТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

**Өзенмұнайгаздық бір топ азаматтар ел аузында Жаңаөзеннің қарашаңырағы атанып кеткен Қызылсайдың 60 жылдығына орай біршама көмек көрсетті. Атын атап, түсін түстейтін болсақ, атқарылған жұмыста есеп жоқ...**

1. Ауылда қараусыз қалған «Орыс мола» таспен қоршалып, есігіне құлып салынды. Бұл үлкен шаруаны «КҚС» ЖШС директоры Дүйсен Медеуов пен ауыл кәсіпкері Ермек Ғайниев 5 млн. теңге қаражатпен бітірді.

2. Ауыл кіреберісіндегі жасыл желек шарбағы жаңартылып, қайта жасалды. Бұл жұмысты «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты Мұнай газ өндіру басқармалары атқарып шықты.

3. Мектепте күрес және гимнастика бөлмелері ашылып, спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Футбол алаңшасына жасыл төсеніш төселді. Домбыра үйірмесіне қатысып жүрген 14 балаға домбыра тапсырылды. Тігінші қыздарға 3 дана тігін машинасы сыйға тартылды. Мектеп ішіне

250 мың теңгелік ауыл жылнамасы жазылған тарихи тақта ілінді.

4. Ауыл кіреберісіндегі саябаққа 60 жылдықтың символы ретінде 6 бағаналы стелла мен мүсін бой көтерді. Қызылсай бұрғышылар мекені болғандықтан бұрғышы ескерткіші мен бұрғылау мұнарасының тұруы заңды екені айтпаса да түсінікті. Айта берсек азаматтардың ауыл үшін жасаған жұмыстары шаш-етектен...Шырша егілді, шам орнатылды... деп шұбырта беруге болады.

«Бәрін айт та, бірін айт, коллективтің жырын айт» – деп Бейімбет жырлағандай патриот жігіттерді компания бас директоры Есен Өтеев қабылдап шексіз ризашылығын білдірді. Ынталы топ ұйымдастыру алқасының төрағасы Бекболат Нұрлыбаев пен төраға орынбасары Оразәлі Әділов «топырағыңнан айналайын туған жерім» – деп жүрген бір топ патриот жігіттердің өңіріне мерейтойлық медаль тағып, Алғыс хат тапсырды.

«Елге қызмет – ұлы қызмет. Бұл қызметтен асқан бақыт жоқ. Күнкөріс қамы демесең, ел намысын ойлар пенделер азайған за-

манда ел үшін атқарған қызметтеріңіз үшін шексіз алғысымды білдіремін. Жасаған жұмыстарыңыз Алладан қайтсын!» – деді бас директор.

Сабырдың «Құл тілегі – құлқында, ұл тілегі – ұлтында» – деген керемет сөзі бар. Өзеннің азаматтары қызылсайлықтар үшін ауыл мерейтойына арнап қомақты сыйлық жасау арқылы терең сезім, ел сүю-ауызда емес, жүректе екендігін дәлелдеді.

Туған жер қай кезде де қадірлі! Туған топырақ, қай уақытта да қасиетті. Оны көрер көз, сезіне білер көңіл керек.

«Қарашаңырақ Қызылсайдың 60 жылдық шаруасы осы жігіттердің ауызбіршілігі мен табандылығының арқасында бітті. Бұл жігіттерге ел ризашылығын білдіріп жатыр. Олар қандай марапатқа да лайық!» – деді осы шаруаның басы-қасында жүрген Бекболат Нұрлыбаев.

«Басымыз аман, бауырымыз бүтін Қызылсай аулының 100 жылдығын тойлауға нәсіп етсін!» – деген тілекпен ел азаматтары 2059-жылы 10-қазанда ашатын боп келісіп, жерге қапсула көмді.

**«Өзенмұнайгаз» жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ 10-қазан ҚР «Кәсіподақ күні» мерекесі және аталған қоғамдық бірлестіктің 55 жылдық мерейтойына орайластырып, 5-9 қазан аралығында компанияға қарасты басқармааралық шағын футболдан турнир өткізді. Турнирге 15 команда қатысып, желмен жарысқан желаяқ Әмин Тұяқов атындағы стадионда доп тепті.**

## КӘСІПОДАҚ ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТКІЗДІ



«Спорт деген жай бір алыс-жұлыс емес, ол рухани терең тынысы бар дүние. Спорт – адамның жігер-қуатын еселеп өсіріп, жеңімпаздық қабілетін арттырады. «Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдansaң, дәріге пысықырп та қарамайсың» – деген болатын Ибн Сина бабамыз. Барша өзенмұнайгаздықтарды спортпен айналысуға шақырамыз» – деді кәсіподақ төрағалары.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, бірнеше күнге созылған теңбіл доп додасында №4 МГӨБ командасы 1-орын, №5 СҚКБ командасы 2-орын, №1 МГӨБ командасы 3-орын, «ҚазГӨЗ» ЖШС командасы 4-орынды жеңіп алды. Жеңімпаздарға 200, 150, 100, 50 мың теңге берілді. Жүлдесіз қалған командаларға 30 мың теңге ынталандыру сыйлығы тапсырылды. Үздік ойыншы, үздік қақпашы, үздік қорғаушы Берік Жанмұқаметов (№4 МГӨБ), Анарбек Өскенов (№5 СҚКБ), Ерсултан Өтегеновтерге (№1 МГӨБ) 15 мың теңге үлестірілді.



МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Б**үгін жексенбі. Әсия жанталасып манти пісірді. Айнаның алдына бірнеше рет барды. Бүгін апасы қасындағы жұмыстасы Жандосты ертіп әкеліп Әсиямен таныстырмақшы.

«Өзі ішпейді, өзі шекпейді, бас пайдасына жетік. Осыған көзіңді жұм да байға тиіп ал! Сүмірейіп жүре берсең, қу тізеңді құшақтап жалғыз қаласың» – деді апасы. Қатты айтты. Шегелеп айтты. Сөздері етінен өтіп, сүйегіне жетті. Сонда да шыдады. Үндемеді. Жасы өткен айда 30-ға толды. Байға кеткісі келіп өліп жүр. Бала сүйгісі келеді. Жұмыстан шаршап келген күйеуін есік алдынан қарсы алып, шайын, тамағын бергісі келеді. Бұл да еркелегісі келеді. Апасы не десе де елемеді.

Қаланың жалғыз бөлмелі пәтерін жалтыратып тазалап қойды. Салат жасады. Шаштаразға барып шашын сәндеді. Үлгермейтін болғасын төменгі қабатта тұратын Сырсұлуды шақырды. Күнде бір киім киіп, кергіп жүретін Сырсұлу 25-ке келсе де күйеуге шыға қоймады. Арасында келіп Әсияның үйінен шай ішіп, оны-мұны әңгіме етіп кетеді. Жәудіреген көздеріне қарап отырып «жігіттер қайда қарап жүр» – деп еріксіз ойға қалатын-ды.

Сырсулу сау болғыр сөзге келмеді. Бауырсақты да пісірді, жеміс-жидекті де турады. Жандостың апасының қасында қалаға белгілі компанияда бухгалтер болып жұмыс жасай-

тынын естігенде, қабағы әнтек дір еткендей болды. «Бүгін өзін жайнап кетіпсің» – деп қу қыз бұның көңлін аулап қояды. Сөйтіп тұрғанда дәлізден дабыр-дұбыр дыбыстар естілді. Әсияның жүрегі ұзатылатын қыздай өз-өзінен өрекіп, тарсылдай соға жөнелді. Қонақты қарсы алудың орнына асүйге кіріп кетті.

Жандос Әсияға бірден ұнады. Көп сөйлемейді. Үстіне киген киімі де жарасымды-ақ. Шай ішіп болғасын апасы бұны оңашалап «осындай ақымақ болармысың! Ана Сырсұлуды неге шақырдың?! Жандостың отырысы анау, жыланға арбалған көжек құсап... Ақымақ!» – деді тістеніп. Сол сол-ақ екен, бұның дегбірі кетті. Ырасында да диванға жайғасқан екеу жарасып-ақ қалыпты. Жандостың бұны көзіне ілмей Сырсұлуга қиыла қарағаны жанын жаралады. Сырсұлу да тартынатын емес. Сыңғырлап келіп күледі... Өзінің кімнің үйінде отырғанын ұмытып кеткен сияқты. Алдын орап, өзімен танысуға келген жігітті иемденіп алған Сырсұлуды жек көріп кетті. Жандос телефон нөмірін де сұрамай, сыпайы қоштасып жөніне кетті. Жандоспен бірге қабаттасып, әлдеқандай шаруасының бар екенін айтып, Сырсұлу да шығып кетті. Апасы ұрсатын шығар деп ойлаған. Апасы жеңіл бір күрсінді де, жөніне кетті. Үйі босап қалды. Теледидар көруге зауқы соқпады. Әдетте кітап оқитын-ды. Бүгін елегізіп, жанын қоярға жер таппады. Дәлізге шығып, қабырғада ілулі тұрған айнаға ұзақ телміріп қарады. Көзіне бірден картошка мұрны түсті. Үйде ешкім жоқ болса да, ваннаға кіріп, ұзақ жылап алды. Таңертең дым болмағандай

кітапханасына кетті.

Қазір адамдар кітап оқымайтын болған. Көбінесе зейнеткерлер келеді. Үнемі келіп жүретін үлкен кісінің «ауырып қалған жоқсың ба, көзің кіртііп тұр ғой» деген сұрағын жауапсыз қалдырды.

Тура бір ай өткен соң Жандос пен Сырсұлудың үйлену тойының шақыру билеті келді. Бұл оны ұсақтап турап, балконнан ұшырып жіберді. Қызық! Бойы жеңілдеп қалғандай көрінді.

Жаңа жылға қарсы апасы хабарласып, үйіне таныстыруға жігіт әкелетінін айтты. «Аты – Батыр. Өзі кәсіпкер. Бас пайдасына жетік» – деді апасы қысқа қайырып. Әсия осы апасының кісіні мақтаса «бас пайдасына жетік» деген сөз тіркесін пайдаланатынын қызық көреді. «Бас пайданды білмейсің» – дейді бұған ренжігенде.

Бұл жолы аса жанталаса қоймады. Шаштаразға баруды да қажет деп таппады. Бұйра шашын төбесіне түйе салды. Дастарқан мәзірін де аса түрлендіре қоймады. Қызылшадан салат жасап, ет қосып картошка қуырды. Апасы дастарқаннан жұтандығын бірден байқады. Асүйде «ақшаң жоқ болса, сұрамадың ба? Беретін едім ғой» – деп қамқорсып қойды. Апасының сөзіне іші жылып қалды. Өке-шешесі кеткелі өзіне жанашырлық танытатын жер бетіндегі жалғыз адам екендігін ойлап, көңлі босады.

Неге екені қайдам, Батырдың өзі де, көзі де, сөзі де жақпады. Келген бойдан «дұрыс адам кітапханада жұмыс жасай ма, қазір дені сау адам кітап оқымайды, уақыт жоқ» – деп ыржаң-ыржаң етіп күлді. Бір бөлмелі үйдегі шкафта жиналған кітаптарды көріп «қарайған ақшаны желге ұшырғаның не» – деп жаны шығып кете жаздады. Қыза-қыза «маған күйеуге шыққасын жұмыс жасамайсың, кітапхананың тиын-тебеніне қарап отырғанымыз жоқ» деп соқты. Бұл не жыларын, не күлерін білмеді. Сөздеріне қарағанда өмірі кітап бетін ашпаған сабаз сияқты. Тамаққа тәбеті жақсы екен. Бейтаныс үйде отырмын екен-ау демеді... «Тамақ дәмді болған екен» – деп тарелкасына еселеп тамақ салдырып алды...

Шай ішіліп болды. Батыр кететін емес. Бұл сасқаннан апасына қарады. Апасы бір кезде алыстан орағытып сөз бастады. Батырдың деңгелетіп отырған кәсібі бар екенін айтты. «Сені асырайды» – деп соқты арасында. «Ойпырмай, Батыр болмаса бұл аштан өлейін деп жатқандай сөйледі-ау» – деді бұл ішінен күйініп.

Сөздің тоқетері, екеуі де 18-де емес, гүл сыйлап, киноға, паркке шақырып, қыдырып жүруге Батырдың уақыты жоқ, тезірек үйленетін күнді белгілеген дұрыс. Апасының екі сөзінің бірі «Батырдың уақыты жоқ» болып шықты. Батырдан басқа адам ай қарап отырған сияқты. Апасының сөзі Батырдың жанына майдай жақты. Сүтке тойған мысықтай болып, бұған жымия қарады.


«Бір грамм уақытыңыз жоқ екен, той жасап әуре болып қайтесіз, осы жерге молда шақырып некемізді қиып, бірге тұра берсек қайтеді. Ескертіп қояйын, мен жалпы кітап оқымайтын ақымақтарды жек көремін!» – деді бұл зілденіп.

Апасы да, еркінсіп отырған күйеусымақ та аңтарылып қалды. Өлі тыныштық орнады. Басы салбырап бірінші Батыр кетті. Ләм-мим деп тіл қатпастан есікті тарс еткізіп, апасы кетті. Өзінің байға өтпегені апасының арқасына аяздай батып жүргенін жақсы біледі. Сонда да көлденең көк аттыға жетектетіп жіберетін бұл тай емес қой. Апасына қатты ашуланды. Бөлмесінде Батырдың иісі қалып қойғандай терезелерді ашып, үйді желдетіп алды. Апасы да бұған ашуланған сияқты. Бір айдай хабарласпады. Жиендерін қатты сағынса да іздеп бармады, телефон шалмады. Уатсап да тым-тырыс.

Қасында жұмыс жасайтын Дәмеш апа қатыны өлген көршісі туралы көңірсітіп әңгіме бастап келе жатыр еді, бұл «осы менің байға тимегенім жұртқа жүк болды-ау. Мен сізден бай сұрадым ба?» – деп шап ете қалды. Осы уақытқа дейін бетіне жел болып келмеген Әсияның тосын мінезіне Дәмеш апа тосырқай қарады да, үнсіз қалды.

Кешке үйіне көтеріліп келе жатып, Сырсұлудың пәтерінен сыңғырлаған күлкі естіді. Есігін итеріп қалып еді, ар жағынан Жандостың «Жаным менің, алтыным менің!» – деп үздіге сыбырлаған даусы естілді. Бұл есікті тарс еткізіп жапты да, жоғары қарай жүгіре жөнелді. Үйге кіргесін де біразға дейін өзіне-өзі келе алмады. Жер бетінде өзі сияқты қаншама қыздардың өмірде жылт еткен қуаныш нышанын көрмей өмір сүріп жатқанына іші удай ашыды. Күнделікті қоңырқай тірліктің құрбандығына айналған өзіне жаны ашыды... Көз алдына айдалада аспанға қарап ұлыған бөрі елестеп кетті...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ





## №5 СҚКБ ОҚУ ЖАТТЫҒУ ӨТЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында белгіленген кестеге сәйкес «Өрт болған жағдайда жеке құрамның әрекеті» тақырыпта оқу-жаттығу өткізілді. Бұл шараға инженер-техникалық қызметкерлері мен жөндеу механикалық цехы, бас механикалық бөлімінің жұмысшылары қатысты. Жаттығудың мақсаты: жұмысшыларды өрт сөндіру құралдарымен таныстыру, өрттің түрлері мен оны сөндіру кезіндегі қызметкердің қауіпсіздігі туралы түсінік қалыптастыру, өрт болған жағдайда жеке құрам мен қызметкерлерді жедел әрекет етуге үйрету болып табылады.



Оқу жаттығу бағдарламасы бойынша, сағат 15-00-де «Өрт шықты»-деген дабыл соғылып, оқиға орнына өрт сөндіру қызметі жеткенге дейін құтқарушылар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өрт ошағын сөндіруге кірісе бастады. «Тілсіз жау» басқарма ғимаратының бірінші қабатында тұтанып, жан-жағына тарай бастады. Адамдар құтқару қызметі келгенше, қауіпсіз жерге көшірілді. Жеңіл жарақат алғандар да бар. Эвакуациялық орындарға жеткізілген адамдардың тізімі жасалды.

Апат болған жерге сағат 15:03-те «Семсер – Өрт сөндіруші» ЖШС «Камаз» арнайы көлігі келіп, өрт сөндіруге кірісті. Бір цистернаға су, екіншісіне көбік шашылды. Сағат 15:05-те «Медикер плюс» ЖШС жедел жәрдем қызметі келді. Тез арада төтенше жағдай салдарынан жарақат алған, бас механикалық бөлімінің инженері Қ.Дүйсенбаевқа алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Өрт сағат 15:30-да толықтай өшірілді. Оқу жаттығу барысында қатысушыларға өрт сөндіргішті қолдану, қауіпсіздік ережесі туралы нұсқаулық жүргізіліп, кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Оқу-жаттығу кезінде 1 дана өрт сөндіру техникасы, 1 дана жедел-жәрдем автокөлігі, басқарма жеке құрамынан 19 адам жұмылдырылды. Мұндай оқу-жаттығулар жұмыскерлерді төтенше жағдайларда дұрыс және шұғыл іс-әрекет етуге дайындайды, кемшіліктерді алдын-ала анықтап, сақтандыру шараларын жасауға көмектеседі.



Басқарма басшылығы тарапынан оқу жаттығу барысы қадағаланып, бірқатар тапсырмалардың орындалуы бағаланды. Оқу жаттығу соңында басқарма бас инженері Омар Елеш көпшілікке биыл «Еңбекті қорғау жылы» болып жарияланғанын еске салды.

«Көз келген мұнайшы жұмыста алдымен техникалық қауіпсіздікті барынша мұқият сақтауды үйрену керек. Жұмыстың әліппесі еңбек қауіпсіздігін сақтаудан басталады» – деді ол.

Оқу-жаттығу «өте жоғары деңгейде өтті» – деп бағаланды. Басқарма басшылығы жаттығуға қатысқан өрт сөндіру және жедел жәрдем қызметкерлеріне алғыс білдірді.



ҚҰТТЫҚТАУ



**Құрметті Қорлан Өтешқалиқызы!**  
Сізді 55 жас туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

1995-жылдан бері мұнай саласында жемісті еңбек етіп жүрген өзіңізге Алла тағала зор денсаулық, баянды бақыт, иманды ұрпақ нәсіп етсін.

Бұрғылау жұмыстары басқармасында механик болып абыройлы жұмыс атқарып жүрген отағасы Алмат Алуадинұлы екеуіңіз ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп отырған бақытты отбасы құрдыңыз.

Өміріңіз көктемдей шуақты болсын. Босаңғаныңа жамандық жетпесін, төріңізден жақсылық кетпесін. Аман жүріңіз! Немерелер мен жиендер көп болсын! Мерекеніз берекеге ұлассын!

Құрметпен: №2 МГӨБ еңбек ұжымы

55

## ГҮЛЖАН ДОСАНҚЫЗЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Шығыс ойшылдарының айтуынша адам ғұмыры үш-ақ күндік көрінеді ғой. Кеше, Бүгін, Ертең...



Кеңсе ұжымы

Жуырда Кеңсе архивариусы Гүлжан Досанқызы Жақсығалиеваны құрмет демалысына салтанатты түрде шығарып салу шарасы өтті.

Шараға бас директордың адами ресурстарды басқару жөніндегі орынбасары Бауыржан Сайлаубайұлы, персоналды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директор Ермек Сүйесінұлы қатысып, Гүлекеңе тәтті сөздерін арнады.

Айналасына шапағат нұрын шашып жүретін, әрбір таңын күліп қарсы алып, шүкіршілікпен шығарып салатын, ғұмырында айналысатын сүйікті ісі мен мағыналы тірлігі бар Гүлжан Досанқызы сияқты жандар ешқашан жылдарға бағынбайды.

**Тойыңа жұрт жиылсын,  
Жүзіңе нұр құйылсын.  
Дәл осындай демалыс,  
Біздерге де бұйырсын!**

## КАЙДЗЕН КӨРКЕЙТЕДІ



**ÓZEN**

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ  
КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ  
Редакция мекен-жайы:  
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,  
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:  
Жұртшылықпен байланыс департаменті  
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**  
Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz  
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445  
Журналистер: **Гүлсім Оспан**  
Пошталық мекенжай: gulsim08@mail.ru  
Фотограф: **Қуанышбек Текебай**  
Пошталық мекенжай: joker\_war@mail.ru

«Атис» ЖШС  
баспаханасында басылып шығарылды  
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,  
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе  
Тел: +7 (7292) 525-500  
Таралымы: 3000 дана  
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады  
Айына бір рет шығады